

"Ақ жол" мемлекеттік холдинг компаниясын қайта құру мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 17 наурыздағы N 279

Реформаны тереңдегу және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі Үкіметтің Іс-қимыл бағдарламасына сәйкес, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін қажетті техникамен қамтамасыз ету, қосымша инвестициялық қаржыны тарту, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау кәсіпорындарын жекешелендіру мен монополиясыздандыруды жеделдегу мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің "Акциялардың мемлекеттік пакетін сатудан алынған қаражатты пайдалану туралы" 1994 жылғы 12 сәуірдегі N 1643 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен "Ақ жол" мемлекеттік холдинг компаниясы Байқау кеңесінің осы компанияны "Сельхозмаш" ауыл шаруашылығы машиналарын жасау жөніндегі ашық түрдегі акционерлік компания (бұдан байтай - "Сельхозмаш" акционерлік компаниясы) етіп қайта құру туралы шешіміне келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:
<*>

қажет болған жағдайда "Сельхозмаш" акционерлік компаниясының құрамына кіретін акционерлік қоғамдарға "Алтын акция" енгізілсін және осы Компанияға оларды иелену құқын берсін;

"Сельхозмаш" акционерлік компаниясына өз құрамына кіретін акционерлік компаниялар акцияларының мемлекеттік пакетін сату құқын беретін болсын;

бір ай мерзім ішінде "Сельхозмаш" акционерлік компаниясымен бірлесе отырып осы Компанияның құрылтай құжаттарын әзірлең, бекітетін болсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.04.26.

N 509 қаулысымен. Р960509

3. Ерекше жағдайда ретінде, акциялардың мемлекеттік пакетін сатудан түсетін барлық қаржы, "Сельхозмаш" акционерлік компаниясының арна шотына түседі және тек қана өндірісті инвестиациялауға, кәсіпорындарды техникалық қайта жарақтандыруға, осы Компания қызметін өркендегутеге пайдаланылады деп белгіленсін.

4. "Сельхозмаш" акционерлік компаниясы бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне Компания құрамына кіретін акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетінің бөлігін сату бағдарламасын ұсынатын болсын.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі және Қаржы министрлігі Компания құрамына кіретін кәсіпорындар акцияларының мемлекеттік пакетін сатудан алынған қаржыны "Сельхозмаш" акционерлік компаниясының мақсатты пайдалануына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

6. "Сельхозмаш" акционерлік компаниясы "Ақ жол" мемлекеттік холдинг компаниясының құқылы мұрагері болып табылады.

7. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне және Ауыл шаруашылығы министрлігіне "Сельхозмаш" акционерлік компаниясының қызметін мемлекеттік реттеу мен үйлестіру қызметі жүктелсін.

8. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Ақ жол"

мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы" 1993 жылғы
9 қыркүйектегі N 848 (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж.,.
N 36, 421-бап) және "Ақ жол" мемлекеттік холдинг компаниясының
президенті және Байқау кенесі туралы" 1993 жылғы 4 қыркүйектегі
N 792 қаулылары күшін жойған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 17 наурыздағы
N 279 қаулысымен
Бекітілген

"Сельхозмаш" акционерлік компаниясының құрамына
кіретін акционерлік қоғамдардың
ТІЗБЕСІ

"Поршень" АҚ (Алматы қаласы)
"Запчасть" АҚ (Жамбыл қаласы)
"Қызылордарисмаш" АҚ (Қызылорда қаласы)
"Тоғызақ механика заводы" АҚ (Комсомолец поселкесі,
Қостанай облысы)
"Павлодартрактор" АҚ (Павлодар қаласы)
"Құю-ұста заводы" АҚ (Павлодар қаласы)
"Сталь" АҚ (Павлодар қаласы)
"Қалқаман жол машиналары заводы" АҚ (Қалқаман поселкесі,

Павлодар облысы)

"Петропавл шағын литражды двигателъдер заводы" АҚ (Петропавл қаласы)

"Қостанай дизель заводы" АҚ (Қостанай қаласы)

"Мамлют машина жасау заводы" АҚ (Мамлютка қаласы, Солтүстік Қазақстан облысы)

"Талап" АҚ (Булаево қаласы, Солтүстік Қазақстан облысы)

"Целинсельмаш" АҚ (Ақмола қаласы)

"Казахсельмаш" АҚ (Ақмола қаласы)

"Литмаш" АҚ (Ақмола қаласы)

"Манкентсельмаш" АҚ (Белые Воды селосы, Оңтүстік Қазақстан облысы)

"Дарбаза үлгілік материалдар карьері" АҚ (Дарбаза поселкесі, Сарыагаш ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы)

"Қарасор КБК" АҚ (Қарасор поселкесі, Павлодар облысы)

"Гипрониихиммаш" АҚ (Алматы қаласы)

"Павлодар автоматтандырылған басқару жүйесі жобалау-конструкторлық институты" (ЖКИ АБЖ) (Павлодар қаласы)

"Ақ жол банк" АҚ (Алматы қаласы)